Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

КСРО Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңестерінің және БК(б)П Кетроповка қалалық комитетінің газеті

Шығуына 26-шы жыл
№ 217
(6918)
1944 жыл
Сәрсенбі
1 Ноябрь
Жеке саны 20 тыйын

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТСтар мен совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Майдан мен елімізге азық-түлікті, өнеркәсіпке шикізатты көп беріңдер! Астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау және Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіңдер! Кеңес шаруалары жасасын!

(БК(б)П Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 27 жылдығына арнаған үндеулерінен).

БК(б)П Орталық Комитетінің ұлы Октябрь Социалистік революциясының 27 жылдығына арнаған үндеулері

1. Елімізде империалистер өкметін құратқан және КСРО халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің негізі, халықтар арасындағы бейбітшілік тірегі—айбынды Кеңес мемлекетін орнатқан Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 27 жылдығы жасасын!

2. Кеңестер Одағының еңбекшілері! Қызыл Армия неміс-фашист басқыншыларды Отанымыздың жерінен қуып шығарды. Ерікті Кеңестік Отанымыз жасасын! Азат етуші Армия—батыр Қызыл Армия жасасын!

3. Гитлершіл басқыншыларды Германия жерінде талқандаушы батыр Қызыл Армия жасасын! Ұлы Кеңес Мемлекетінің жауынгерлері! Батысқа қарай алға ұмтылыңдар! Фашист аюанды өз үңгірінде тұншықтырайық!

4. Қалаларымыз бен селоларымызды тонап, ойрандағаны үшін, әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін, кеңес адамдарын өлтіргені, неміс құлдығына айдап әкеткені үшін неміс-фашист жауыздарды жазалайық! Фашист зұлымдардан кек алынып, құртылсын!

5. Ағылшын—Кеңес—Американың жауынгерлік одағының адамзаттың қас дұшпаны неміс-фашист басқыншыларды жеңуі жолында! Біріккен Ұлттардың барлық күші [illegible] жауынгерлік қуаты гитлер Германиясын тез талқандау ісіне жұмсалсын! Фашист қанішерлердің қарақшылық ұясын талқандап, бүкіл дүние жүзі халықтарының арасында берік бейбітшілік орнатайық!

6. Гитлершіл тобырларды Батыс Европада талқандап жатқан Ұлы Британия мен Америка Құрама Штаттарының айбынды әскерлеріне сәлем! Фашист тонаушыларға қарсы күресуші ағылшын және американың ержүрек теңізшілеріне сәлем!

7. Югославия халқына сәлем! Қызыл Армиямен бірлесе отырып, өз отанын неміс құлданушылардан азат етуші Югославияның батыр халық-азаттық армиясы жасасын!

8. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресуші поляк халқына сәлем! Польша отаншылары! Өздеріңізді азат етуші Қызыл Армия мен поляк әскерлерінің жексұрын неміс оккупанттарды тез талқандауына барлық күштеріңмен көмектесіңдер! Поляк әскерлерінің батыр солдаттары мен офицерлері жасасын!

9. Одақтастар армияларымен бірлесе отырып, Францияны герман озбырлығынан азат етуді аяқтаушы француз халқына сәлем! Кеңес ұшқыштарымен бірлесе отырып, неміс-фашист аюандарды талқандаушы француздың «Нормандия» авиация бөлімінің батыр ұшқыштарына, жауынгерлік сәлем!

10. Неміс-фашист жауыздарға қарсы күресуші чехословак халқына сәлем! Чехословакия отаншылары! Сіздердің отаныңызды гитлершіл басқыншылардың тепкісінен азат етуші Қызыл Армияға көмекке барлық күштеріңді жұмсаңдар! Қызыл Армиямен бірлесе отырып, неміс-фашист езушілерге қарсы күресіп жатқан чехословак корпусының солдаттары мен офицерлеріне жауынгерлік сәлем!

11. Гитлер империализміне қарсы күресуші отаншылары! Фашистер озбырлығынан өздеріңізді азат етуі күресіне аттаныңыздар! Гитлершілдердің озбырлық үстемдігі жойылсын!

12. Славян бауырлар! Славян тұқымының қас дұшпаны —неміс басқыншыларды талқандау жолына барлық күштеріңді жұмсаңдар! Гитлершілдердің озбырлық үстемдігін жою үшін күресуші славян халықтарының жауынгерлік одағы жасасын!

13. Қызыл Армияның жауынгерлері! Немістердің құлдығында зар илеген миллиондаған кеңес адамдары сіздер азат етеді деп күтіп отыр. Ата-інілеріміз бен апа-қарындастарымызды фашистердің құлдығынан құтқарайық!

14. Қызыл Армияның жауынгерлері! Жауынгерлік шеберліктеріңді үздіксіз шыңдай беріңдер, біздің тамаша ұрыс техникамызды толық пайдаланыңдар, жаудың әскерлерін толық талқандалуға дейін қырата беріңдер!

15. Қызыл Армияның жауынгерлері! Жаудың бекіністерін шеберлікпен алыңдар, шабуыл табыстарын баянды етіп, өрістете беріңдер, жаудың әскерлерін өкшелеп қуып, талқандай беріңдер, неміс басқыншыларды қоршап алып, құрта беріңдер! Кеңестің даңқты жауынгерлері жасасын!

16. Қызыл Армияның артиллерияшылары мен минометшілері! Дәлдеп күшті оқ жаудырып, дұшпанның бекіністерін талқандаңдар, оның қорғану шебін қыйратыңдар! Шабуылдағы әскерлерімізге жол ашыңдар, жаудың адам күші мен ұрыс техникасын жойыңдар! Жауынгерлерімізге, танктермен бірлесе қыймыл жасау ісін шыңдаңдар! Қызыл Армияның артиллерияшылары мен минометшілері жасасын!

17. Қызыл Армияның танкшілері! Жауды талқандап, өкшелей қуа беріңдер! Шебер және батыл қыймылдап, жаудың ту сыртына өтіп кетіңдер, жаудың әскерлерінің шегінетін жолдарын қыйып тастаңдар, неміс басқыншыларды құртыңдар! Кеңес танкшілері жасасын!

18. Отанымыздың сұңқарлары—кеңес ұшқыштары! Жауды жерде де, көкте де, теңізде де рахымсыз жойыңдар! Кеңес ұшқыштары жасасын!

19. Қызыл Армияның атты әскерлері! Жаудың әскерлерін бет қаратпай қуыңдар, жаудың тобына батыл араласыңдар, оның бүйірінен тиіңдер, жаудың ту сыртына батыл өтіңдер, неміс-фашист сұмырайларды қоршап алып, құртыңдар! Кеңес атты әскерлері жасасын!

20. Соғыс-Теңіз Флотының қызыл флотшылары мен офицерлері! Жаудың теңіздегі қатынас жолдарына соққыны күшейте беріңдер! Дұшпанның кемелері мен транспорттарын суға батырыңдар, теңіздерді гитлершіл арамзалардан тазартыңдар! Гитлершіл басқыншыларды теңізде де, жерде де рахымсыз қыра беріңдер! Кеңестің соғыс теңізшілері жасасын!

21. Қызыл Армияның байланысшылары! Байланыстың жақсы болуы—ұрысты басқарудың аса маңызды шарты. Қызыл Армияда байланыс ісін барынша оңдай беріңдер, оның ұрыс қыймылдары табысты болуын қамтамасыз етіңдер! Кеңес байланысшылары жасасын!

22. Қызыл Армияның барлаушылары! Батыл тап беріңдер! Жаудың арам ниеттері мен ойларын дер кезінде әшкерелеңдер, әскерлеріміздің жауға дәл соққы беруіне көмектесіңдер! Кеңес барлаушылары жасасын!

23. Кеңес шекараларының сенімді қорғаушылары, біздің даңқты шекарашыларымыз жасасын!

24. Инженерлік әскерлердің жауынгерлері мен офицерлері! Жау бекіністеріне әскерлеріміздің тіке шабуыл жасауына, өзендерден өтуіне, мина көмілген және жүруге қыйын жерлерден өтуіне, шабуылда табыстың баянды етіліп, оның өрістей беруіне көмектесіңдер! Қызыл Армияның инженерлік әскерлері жасасын! Даңқты саперлеріміз бен минашыларымыз жасасын!

25. Қызыл Армияның дәрігер қызметкерлері! Кеңестің жараланған жауынгерлерін ажалдан аман алып қалу, қатарға қайта қосу жолында жанаямай күресіңдер! Қызыл Армияның дәрігер қызметкерлері жасасын!

26. Әскер тылының қызметкерлері —Қызыл Армияның автомобильшілері мен жолшылары! Қызыл Армияға ұрыс техникасын, оқ-дәріні, киім-жабдықты, азық-түлікті мерзімінде жеткіліңдер! Әскер тылының қызметкерлері жасасын! Қызыл Армияның автомобильшілері мен жолшылары [illegible]сын!

27. Отанымыздың даңқты ұлдары—Кеңестер Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлерінің даңқы арта берсін!

28. Кеңестер Одағының еңбекшілері! Жауынгерлердің үй-ішіне қамқорлық жасау барлық кеңес отаншыларының қасиетті борышы. Отанымызды азат етушілердің үй-ішіне жаппай көңіл бөліп, оларды қамқорлыққа бөлейік!

29. Қару-жарақ пен оқ-дәрі шығаратын кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Винтовка, автомат, пулемет, миномет, зеңбірек, снаряд, патрон, мина шығаруды күшейтіңдер! Ұрыс қару-жарақтарын шыңдап жетілдіре беріңдер! Қарудың жаңа түрлерін меңгеріңдер! Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!

30. Танк заводтарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Қызыл Армияға танктерді көп беріңдер! Ұрыс машиналарының жаңа түрлерін ойдағыдай меңгеріңдер! Жақсы танктер неғұрлым көп болса, жауды жеңу сағаты солғұрлым жақындай түседі.

31. Авиация заводтарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Кеңес самолеттерін қажырлы қайратпен шыңдай беріңдер! Истребитель, штурмшы, бомбалаушы самолеттерді Қызыл Армияға көп беріңдер!

32. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Мұнай шығаруды күшейтіңдер! Майдан мен елімізге жанар майды еселеп көп берейік!

33. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Транспорттың, фабрикалар мен заводтардың жұмысты үздіксіз істеуі сіздерге байланысты. Көмір шығаруды күшейтіңдер, отын жөнінен майдан мен елдің барлық керегін қамтамасыз етіңдер!

34. Темір жол жолшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Танк, самолет, зеңбірек, пулемет, снаряд шығаруға металды көп беріңдер! Еліміздің халық шаруашылығы қажеті үшін металды көп беріңдер!

35. Мотор жасайтын өнеркәсіптің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Қазіргі соғыс—моторлар соғысы. Самолеттер, танктер, автомобильдер, кемелер үшін моторларды өндіруді арттыра беріңдер!

36. Станок жасайтын заводтардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Станок жасау—елімізді техника жағынан қаруландырудың аса маңызды тірегі екенін ұмытпаңдар! Станок шығаруды үздіксіз арттыра беріңдер, жаңадан салынып жатқан, қайтадан қалпына келтіріліп жатқан заводтарды тезірек жабдықтауға көмектесіңдер!

37. Құрылысшы жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер! Шапшаңдатылған әдіспен жаңа домналар, мартендер, шахталар, электр станциялары мен заводтар жасаңдар. Неміс басқыншылар қыйратып кеткен қалаларды, өнеркәсіп орындары мен кісі тұратын үйлерді тезірек қалпына келтіріңдер!

38. Электр станцияларының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Соғыс өнеркәсібінің жұмысты үздіксіз істеуін қамтамасыз етіңдер! Неміс-фашист аюандар қыйратып кеткен электр станцияларын тезірек қалпына келтіріңдер! Энергетика қуатын күшейте беріңдер!

39. Тоқыма және жеңіл өнеркәсіптің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Еңбек өнімін арттыра беріңдер, Қызыл Армия үшін киім-жабдықты, халқымыз үшін көпшілік қолды бұйымдарды күн санап көп шығарыңдар!

40. Жергілікті өнеркәсіп жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жергілікті қорларды пайдалануда неғұрлым ынталы істеңдер! Халқымыз бен Қызыл Армия үшін бұйымдарды көп шығарыңдар!

41. Тамақ өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Армия мен халқымыз үшін тамақ заттарын көп өндіріңдер!

42. Кеңес теміржолшылары! Жұмысты жанаямай, мұлтіксіз істеп, Қызыл Армияның шабуылдары табысты болуын қамтамасыз етіңдер! Әскер, соғыс және халық шаруашылығы жүктері тиелген поездарды тез жүргізуді ұйымдастырыңдар! Темір жолдарда әскери тәртіпті қажырлы қайратпен нығайтыңдар! Немістер талқандаған темір жолдар мен құрылыстарды тезірек қалпына келтіріңдер!

43. Өзен және теңіз флотының қызметкерлері! Флоттың, порттар мен кеме тоқтайтын орындардың жұмысты мұлтіксіз істеуін қамтамасыз етіңдер! Майдан мен ел ішіне жүкті үздіксіз жеткізіңдер! Неміс басқыншылардан азат етілген жерлердегі теңіз және өзен флотын, порт құрылыстары мен бассейндердегі кеме тоқтайтын орындардың шаруашылығын тезірек

П Орталық Комитеті- лы Октябрь Социалис- революциясының 27 ылдығына арнаған үндеулері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Колхозшылар мен колхозшы әйел- МТСтар мен совхоздардың жұмыс- ры мен жұмысшы әйелдері, ауыл ша- ылығының мамандары! Майдан мен ге азық-түлікті, өнеркәсіпке шикізат- өп беріңдер! Астық тапсырудың мем- ттік жоспарын мерзімінен бұрын орын және Қызыл Армия қорына жоспар- тыс астық тапсыру жөніндегі социа- ік жарысты кеңінен өрістетіңдер! Ке- шаруалары жасасын!

5. Колхозшылар мен колхозшы әйел- , совхоздардың жұмысшылары мен жұ- сшы әйелдері, зоотехниктер мен мал дә ерлері! Малдың өсе беруін қамтамасыз ейік, толді тегіс аман өсірейік! Малдың імділігін арттырайық, Қызыл Армия мен ізді мал шаруашылығының өнімімен абдықтау ісін күшейтейік!

46. Кеңес интеллигенциясы! Инженерлер ен техниктер, агрономдар, оқытушылар, әрігерлер, ғылымның, көркем-өнер мен әдебиеттің қызметкерлері! Кеңес кәсіп орындары мен мекемелерінің қызметшілері! Жұмысшылар мен колхозшылардың халық шаруашылығымызды бұрынғыдан да өркен кеге беруіне көмектесіңдер! Кеңес ғылы- ының, техникасы мен мәдениетін алға бас- тырыңдар! Кеңес интеллигенциясы жаса- ын!

47. Немістерден азат етілген аудандар- ның еңбекшілері! Гитлершіл қарақшылар айрандаған қалалар мен селоларды, өнер- кәсіпті, транспорт пен байланысты, ауыл шаруашылығы мен мәдениет-тұрмыс мекеме- лерін тезірек қалпына келтіріңдер! Өз- деріңізді азат еткен Қызыл Армияға көмек гі күн санап күшейте беріңдер!

48. Кеңес әйелдері! Өндіріс мамандығын меңгеріңдер, еңбек өнімділігін арттырың- дар, әуе және химия шабуылынан қорғану ісін, санитарлық, байланыс ісін үйреніңдер! Барлық күш неміс басқыншыларға қарсы күреске жұмсалсын! Кеңес әйелдері жаса- сын!

49. Кеңес жастары мен қыздары! Майдан ға көмек үшін жанаямай еңбек етіңдер, өнді ріс техникасын, соғыс ісін меңгеріңдер, еңбек тәртібінің үлгісін көрсетіңдер! Кеңес жастары жасасын!

50. Коммунистер мен комсомол мүшеле- рі! Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресушілердің алдыңғы сапында болың- дар!

51. Отанымыздың халықтарының достығының, бақытының, даңқы арта беруінің берік тірегі—айбынды Кеңестер Одағы жа сасын! Кеңестік Отанымыз жасасын!

52. Еліміздің халықтарының мызғымас берік достығы жасасын!

53. Неміс-фашист басқыншыларды жеңу жолындағы күреске дем беруші, оны ұйым дастырушы Бүкілодақтық Коммунист боль- шевиктер Партиясы, Ленин—Сталин пар- тиясы жасасын!

54. Ленин туы астында, Сталиннің бас- шылығы арқасында гитлер Германиясын біржолата талқандап, әділеттік ісіміздің то лық жеңіп шығуы үшін алға басайық!

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті.

РОСТОВ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ӨЗ ҚАЛАСЫН КӨРКЕЙТУДЕ

140 мың еңбекші Ростовты көркейту ісі- не екі ай бойына белсене қатысты. Олар- дың нәтижесінде қала ...

Кеңес Хабаршы бюросынан

30 ОКТЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

30 октябрьде Чехословакия жерінде УЖГОРОД қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында ЧАБАЛОВЦЕ, ОЛЬШИНОВ, ВИЛАГ, ПАРИГУЗОВЦЕ, ГРИВИШТЕ, ХОНЬКОВЦЕ, ТИБАВА қыстақтарын алды. Анықталған мәліметтер бойынша, Чехословакия жерінде қыймыл жасаушы 4-УКРАИН майданының әскерлері октябрьдің 27нен 29на дейіягі мерзім ішінде дұшпанның 10.160 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен, октябрьдің 20нан 29на дейінгі ұрыстар кезінде 4-УКРАИН майданының әскерлері қолға түсірген неміс және венгр солдаттары мен офицерлерінің саны 21.390 адамға жетті.

Венгрияда САТУ-МАРЕ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВАШАРОШНАМЕНЬ темір жол торабы мен ДЬЮРЕ, ВАРШАК, ПИЛК, НЬИР-МАДА, РОХОД, ФЕЙЕРТО үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

29 октябрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 72 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 37 самолеті атып түсірілді.

* * *

Ужгород қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Бұл ауданда Магура және Бескид тау жо талары бар. Немістер мен венгрлер бніктер дің ылдиларына бекіністер жасады. Бұл қорғану шебінің барлық төңрегіне мина- лар көмілген, ал жолдар талқандалып, оларға бөгеттер жасалған. Әскерлеріміз қатты ұрыстардың нәтижесінде дұшпанның қорғану шебін бірнеше жерден бұзды, сөй тіп Магура және Бескид жоталарынан өт- ті. Кеңес бөлімдері тау арасындағы ашық алаңдарға шығып, дұшпанның бірнеше тірек ті бекіністерін, оның ішінде Вилаг үлкен қыстағын алды. Бұл ұрыстардың барысын- да бір батальондай гитлершілдер жойыл- ды. Н. құрамасының бөлімдері үш күн ішін де немістерден 20 зеңбіректі, 65 мино- метті, 146 пулеметті, 3.686 винтовка мен автоматты, оқ-дәрі қойған 4 складты, 3 па ровозды, 50 вагон мен 1.000нан аса атты қолға түсірді.

* * *

Венгрияда Сату-Маре қаласының солтүс тік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жаса[illegible] болды. Бүгін [illegible] рапты [illegible] жол станциясының төңрегінде қатты ұрыстар болды. Дұшпан станциядан айрылып қалмау үшін әрекеттеніп, әлдене- ше рет қарсы атакаға шықты. Кеңес бөлім дері шеберлікпен орағыта әдіс жасап, гит- лершілдерді Тисса өзеніне қарай тықсыр- ды. Аз уақытқа созылған қатты айқаста жау талқандалды. Көптеген немістер мен венгрлер өзенге кетіп өлді. Әскерлеріміз түрлі учаскелерде немістер мен венгрлер- дің 500дей солдаты мен офицерін қолға түсірді.

* * *

Шығыс Пруссияда, Гольдап қаласының оңтүстік жағында немістердің жаяу әскер- лері мен танктері шептерімізге атака жа- сады. Кеңес жауынгерлері немістерді жа- қын келтіріп алып, бұдан соң оларға қарсы зеңбіректер мен мылтық пуле- меттерден нөсерлете оқ жаудырды. Дұш- пан орасан көп шығынға ұшырап, асығыс түрде кері шегінді. Көп ұзамай-ақ немістер тағы да атака жасады, алайда олар кері қуылып тас- талды. Ұрыс даласында жаудың бірнеше жүздеген өлігі қалды. Немістердің 14 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, 6 бронетранспортері өртелді, қыйратылды.

* * *

Праганың (Варшава төңрегінде) солтүс- тік-батыс жағында жергілікті маңызы бар ұрыстар болды. Н. бөлімінің бөлімшелері дұшпанға шабуыл жасап, қолайлы шептер- ді алды. Немістердің 300дей солдаты мен офицері жойылды. Жаудан 6 зеңбірек, 32 пулемет және оқ-дәрі қойған 2 склад қолға түсірілді. 1-поляк армиясының бөлім шелері осы ауданда қыймыл жасап, бір ротадан аса гитлершілдерді қырып сал- ды.

* * *

Жақын арада Германияда 16 жастан 60 жасқа дейінгі барлық ерлерді жаппай әс- керге шақыру жарияланғандығы жөнінде хабарланған болатын. Гитлершілдер май- данға жөнелту үшін сыпырып-сыйырып ре- серв жыйнап алуға тырысуда. Алайда бұ- дан бірсыпра уақыт бұрын немістердің соғыс өкмет орындары армияға алуға жа- райтын адамдардың бәрін түк қалдырмай мобилизациялағандығы көпке мәлім. Соңғы күндері жауынгерлеріміз көптеген неміс солдаттарын—шалдар мен мүгедектерді қолға түсірді. Немістердің 6-ерекше ко- мандасының солдаты Франц Геббех 60 жас та. Ол мынаны мәлімдеді: «Мені неміс ар- миясына 1944 жылғы май айында шақыр- ды. Менімен бірге 63 жастағы оқытушы Людвиг Кригер де мобилизацияланған бо- латын».

Немістердің 388-үйренушілер дивизиясы- ның 640-үйренушілер полкіндегі 1-ротаның қолға түсірілген офицеры Рихард Бек- кер былай деді: «Жұмыда полкіміз жаңа- дан толықтыру алды. Бізге келгендердің көпшілігі бұрынғы чиновниктер екен. Олар дың бәрі басып алынған кеңес жеріндегі немістердің түрлі мекемелерінде қызмет іс- теген. Қазіргі күнде бұл мекемелер хажет- сіз болғандықтан ажыратылды. Чиновник- тердің Германияға көшіп кеткісі келді, бі- рақ оларды армияға мобилизациялады. Олардың көпшілігі —45 жастан 60 жасқа дейінгі москал адамдар. Әскери қызметке мүлде жарамағандығына қарамастан, олар- дың бәрі қатардағы солдат ретінде жаяу әскерге алынды».

Немістердің запастағы 21-теңіз батальо- нының қолға түсірілген унтер-офицері Эрнст Пауль былай деді: «Мен 58 жаста- мын. Дүние жүзілік бірінші соғыста мат- рос болып қызмет атқардым. 1944 жылғы сентябрьде армияға алу жөнінде шақыру қағаз алдым. Алғашқыда мен бұл қағаз хателіктен жіберілген шығар деп ойлаған едім, алайда шақыру пунктінде мен көпте- ген таныс шалдарға жолықтым. Егер со- ғыс өнерін жақсы үйренген жас солдаттар ұрыстардың тегеуріні не төтеп бере алма- ған болса, онда біз сыяқтылардан не үміт күтуге болады. Германияның жағдайы үміт сіз халге ұшырады. Гитлер жариялаған жаңа мобилизациялау суға кетіп бара жа- тып өлімнен құтылу үшін тал кармаған адамды еске түсіреді».

ЗЯБЬ ЖЫРТУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Петропавл ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелінің мүшелері барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын табыспен жүргізіп келеді. Бұл колхозда егін жыйнау және астық дайындау жұмыс ...дай жүргізілді.

Колхозшылар октябрь алдындағы социа- листік жарыс күндерінде тағы да бір зор табысқа не болды. Олар зябь жырту жос- парын артығымен орындады. 150 гектар ор нына 170 гектар зябь жыртылды.

М. ЕГІЗБАЕВ.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінде

1944 жылғы 7 ноябрьдегі сейсенбі және 8 ноябрьдегі сәрсенбі күндері жұмыс күн- дері болмағандықтан, КСРО Халық Ко- миссарлары Кеңесі еңбекшілердің қойған көптеген тілегіне сәйкес, 1944 жылғы 5 ноябрьдегі жексенбі күнін жұмыс күні деп есептеуге қаулы етті.

Лотерея билеттері табыспен таратылуда

Облысымыздың еңбекшілері төртінші ақ- шадай-заттай лотерея билеттерін таратуда отаншылдық көрсетуде .Бүгінгі күнге де- йін колхозшылар арасында 6 миллион 174 мың сомның, жұмысшылар мен қызметкер- лер арасында 3 миллион 508 мың сомның лотерея билеттері таратылды. Колхозшы- лардан 2 миллион 174 мың сом, ал жұ- мысшылар мен қызметкерлерден 507 мың сом ақша қолма-қол түсті.

Петропавл қаласында 2 миллион 626 мың сомның лотерея билеттері таратылды. Сол сияқты, қала еңбекшілері арасында 199 мың сомның лотереясы таратылып, бұл сома қолма-қол түсті.

Ақшадай-заттай лотерея билеттерін та- ратуда Совет ауданы бірінші орынға, Прес нов ауданы екінші орынға не болды. Со- вет ауданында таратылған лотерея билет- тері сомасының 90 процанті қолма-қол ақ- шадай түсті. Преснов ауданында белгіле- ген мөлшер 123 процент орындалып, оның 53 процанті қолма-қол түсті.

Лотерея билеттерін таратуда Кончоха- ны және Булаев аудандары артта қалды. Ал- аудандарда лотерея билеттерін тарату ар- мысы тіпті баяу және жазылған сом[illegible] 11—15 процент[illegible]

Еңбек өнімін арттыруда

Молотов атындағы заводтың комсо[illegible] мүшелері мен жастары октябрь алдында[illegible] социалистік жарыс күндерінде еңбек ө[illegible] мін еселеп арттыруда. Комсомол-жаст[illegible] бригадаларының мүшелері стахановтық ва[illegible] таға тұрып, майдандағыша жұмыс істеуде[illegible]

В. Турубанова жолдас басқарған комсо- мол-жастар бригадасының мүшелері стаха- новша жұмыс істеудің үлгілерін көрсетті. Мухина және Камишев жолдастар смена са йын 3,5—4 мөлшер орындап жүр. Б. Ми- рошниченко жолдас басқарған бригаданың мүшелері тапсырманы екі есе артығымен орындады.

Комсомол-жастар бригадасының бригади рі Осник жолдас смена сайын үш мөлшер орындап, басқаларға үлгі көрсетуде.

Октябрьдің соңғы онкүндігінде заводтың комсомол-жастар бригадалары өндірістік тапсырмаларды анағұрлым артық орында- ды.

Т. ЕСЕНОВ.

КОЛӨНЕРШІЛЕРДІҢ ҚАЖІРЛІ ЕҢБЕГІ

Петропавлдың ағаштан аспаптар жасай- тын қолөнершілер артелінің коллективі ок- тябрь алдындағы социалистік жарысқа ұш- тасып, мерекеге дейін жоспардан тыс 12 мың сомның бұйымын өндіруге міндеттен- ген еді.

Артель мүшелері уәделерінде тұрды. Олар октябрь айының өндірістік тапсырма- сын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 93 мың сомның бұйымын өндірді.

Артельдің бірталай адамдары мереке ал- дындағы социалистк жарыс күндерінде та ндаулылар қатарына қосылды. Логинов, Леонов, Еровикова жолдастар тағы басқа- лары күнделік тапсырманы үнемі 200—250 процент орындады.

С. ИВАНОВ.

Жауапты редактор Ө. ОСПАНОВ

...12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00572.